

«БІЛІМНІҢ ЖҰЛДЫЗЫ»
шәкіртақысын тағайындау бойынша байқау
ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Білімнің жұлдызы» шәкіртақысы (бұдан әрі – шәкіртақы) «Dauletten» қайырымдылық қоры» жеке қорының (бұдан әрі – қор) бастамасымен тағайындалады. Шәкіртақы білім алушылардың әлеуметтік жағдайына және жетістіктеріне байланысты оқу, қоғамдық іс-әрекеттерін, инновациялық жобаларын ынталандыруға бағытталған.
- 1.2. Шәкіртақы тағайындау мақсаты – еліміздегі колледж және жоғары оқу орындарында оқитын үздік студенттерді әлеуметтік жағдайына байланысты қаржылай қолдау, олардың заманауи қоғамдық талаптарға сай дағдыларын дамыту. Шәкіртақы оқуда, ғылымда және қоғамдық өмірде белсенді, талантты үздік студенттерді ынталандыру үшін беріледі.
- 1.3. Ережеде «шәкіртақы» терминінің мағынасы байқаудың нәтижесінде жоғары ұпай жинаған үміткерлерге 100 000 (жүз мың) теңге көлеміндегі тағайындалатын бір реттік ақшалай сыйақы.
- 1.4. Шәкіртақыны тағайындау жыл сайын қор қамқоршылық кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады. 2023 жылы барлығы **200 (екі жүз) студент** жеңімпаз ретінде анықталатын болады. Жеңімпаздар ашық байқау негізінде бірнеше кезеңдер арқылы іріктеледі. Байқау жылына бір рет, оқу жылының екінші семестрінде өткізіледі. Байқау нәтижесінде атаулы шәкіртақы тағайындалады.
- 1.5. Шәкіртақыға «Dauletten» қайырымдылық қоры» жеке қоры, сондай-ақ белгілі тұлғалар, өнер жұлдыздары, қоғам белсенділері және т.б. еріктілер қаржылай және ақпараттық демеушілік көрсетеді.
- 1.6. Білім жұлдызы шәкіртақы байқауына қатысуға өтінімдер www.dauletten.kz сайты арқылы қабылданады.

2. «БІЛІМНІҢ ЖҰЛДЫЗЫ» ШӘКІРТАҚЫСЫНА ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

2.1 Шәкіртақы үміткерлеріне қойылатын жалпы талаптар:

- 2.1.1 Қазақстан Республикасының азаматы болу;
- 2.1.2 Қазақстан Республикасының колледж студенті немесе ЖОО, ҚР аумағында орналасқан шетелдік ЖОО-ның еншілес ұйымы болып табылмайтын жоғары оқу орындарының бакалавр академиялық деңгейі бойынша күндізгі бөлімінде оқу;
- 2.1.3 Кемінде бір академиялық семестрді аяқтау және транскрипт алу;
- 2.1.4 2022-2023 оқу жылында білім беру гранты бойынша мемлекеттік стипендияны қоспағанда, соңғы 2 жылда басқа ұйым/мекеме және т.б. тағайындаған шәкіртақы алмаған;
- 2.1.5 Шәкіртақыны ұйымдастырушыларға және комиссия құрамындағы мүшелерге туыстық қарым-қатынастың болмауы.
- 2.1.6 16-21 жас аралығындағы студент болуы;

2.2 Үміткердің әлеуметтік жағдайы мен материалдық қамтамасыз етілуі бойынша қойылатын талаптар:

- 2.2.1 Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес отбасы, ата-анасының екеуінде де немесе біреуінде мүгедектік бар, көпбалалы отбасы (4 немесе одан көп), мүмкіндігі шектеулі студент, аз қамтылған отбасы санаттарының біріне жатуы;

2.3 Оқу үлгерімі бойынша үміткерлерге қойылатын талаптар:

- 2.3.1 ЖОО білім алушылары үшін оқу үлгерімі «жақсы» және «өте жақсы» (GPA орташа балы

- 3,0 немесе 3,0 жоғары) болуы шарт. Бағалар транскрипт арқылы расталады. Балы 3,0-ден төмен өтінімдер қарастырылмайды.
- 2.3.2 Колледж студенттері оқу орнынан оқу үлгерімін растайтын құжат. Сандық эквивалент 3,0 немесе 3,0 жоғары. Балы 3,0-ден төмен өтінімдер қарастырылмайды.

3. ШӘКІРТАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ БОЙЫНША БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ БЕРУ ШАРТТАРЫ

- 3.1 Үміткерлер байқауға қатысу үшін www.dauletten.kz сайтындағы сауалнаманы **Астана қ. уақыты бойынша (GMT+6) 20 ақпан сағат 09:00-ден бастап 28 ақпан сағат 23:59-ға** дейін толтырып, барлық растаушы құжаттарды тіркеп жолдауы тиіс. Сауалнама үлгісі №1 Қосымшада.
- 3.2 Үміткерлер сауалнамада сұралған құжаттарды (жақсы сападағы фотосурет немесе сканерленген нұсқа) PDF файлға бекітіп жолдауы тиіс.
Қажетті құжаттар тізімдемесі:
- Байқауға қатысуға өтінім (№2 Қосымша);
 - Жеке куәлік;
 - Оқу орнынан анықтама;
 - Транскрипт, ведомость (мөрмен);
 - Әлеуметтік жағдайын растайтын құжаттар;
 - Жетістіктері (алғыс хаттар, дипломдар, сертификаттар және т.б.);
 - «Мен не үшін бұл шәкіртақыға лайықтымын?» тақырыбында мотивациялық хат;
- 3.3 Бекітілген мерзімнен кешіктіріліп жолданған және ақпарат толық ұсынылмаған жағдайда ұйымдастыру комитеті өтінімді қарастырмайды.

4. БАЙҚАУ ӨТКІЗУ ТҮРІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

- 4.1 Байқау бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде ұйымдастыру алқасы үміткерлердің осы Ереженің 2.1, 2.2, 2.3 тармақтарында көрсетілген талаптарға сай келуін қарастырады. Осы Ереженің 2.1, 2.2, 2.3 тармақтарында көрсетілген талаптарға үміткер сәйкес келмеген жағдайда бағалаудың келесі кезеңдеріне өткізілмейді.
Сонымен қатар, өтінімдер келесі себептерге байланысты да байқауға қабылданбайды:
- сауалнаманың дұрыс толтырылмауы;
 - өтінімге қажет құжаттардың толық болмауы;
 - жалған мағлұматтардың көрсетілуі.
- 4.2 Шәкіртақыға үміткерлерге бірнеше талаптар бойынша бағалау жүргізіледі.
- 4.3 Шәкіртақы тағайындау үшін үміткерлерді байқау нәтижесі бойынша сараптайтын комиссия құрылады.
- 4.4 Комиссия мүшелерінің аты-жөні жайлы ақпарат жабық және көпке жайылмайды. Комиссия төрағасының келісімімен ақпарат ашық болуы мүмкін.
- 4.5 Байқау комиссиясының шешімі пікірталасқа жатпайды және соңғы деп саналады.
- 4.6 Байқауға жіберілген өтінім негіздері комиссия мүшелерімен өзгеріске ұшырамайды, көпке жайылмайды, сынауға берілмейді.
- 4.7 Байқауға қатысу үшін өтінімді тапсыра отырып, студент автоматты түрде жеке мәліметтерін өңдеуге келісімін береді.
- 4.8 Шәкіртақы атаулы болғандықтан бір студенттен келесі студентке берілмейді.
- 4.9 Құжаттарды тапсыру арқылы ізденуші бағдарламаның мақсаттарын растайтындығын, өзінің осы Ережеде көрсетілген шарттармен толық келісетіндігін және орындауға дайын екендігін білдіреді.
- 4.10 Қор ізденушілер бойынша қабылданған шешімдердің себептері туралы түсіндірмелер бермеу құқығын өзіне қалдырады.

- 4.11 Қор байқау комиссиясының шешімімен мәлімделген 200-ден аз немесе көп грант беру құқығын өзіне қалдырады.
- 4.12 Байқау комиссиясының шешімі «Білімнің жұлдызы» шәкіртақы жеңімпаздарының тізімі ретінде қордың бұйрығымен бекітіледі. Байқау бағдарламасының жеңімпаздар тізімі www.dauletten.kz сайтында және Instagram әлеуметтік парақшаларында жарияланады.

5. ШӘКІРТАҚЫНЫ АЛУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

- 5.1 Шәкіртақылық байқаудың жеңімпазымен келісімшарт жасалады.
- 5.2 Шәкіртақыны төлеу қор мен конкурстың стипендиаты (жеңімпазы) арасында жасалған шарт негізінде 1 айдан кешіктірмей конкурс стипендиатының (жеңімпазының) банк шотына ақшалай аударым негізінде жүргізіледі.
- 5.3 Демеушілік көмек көрсету туралы шарт жасасқан алушы мынадай талаптарды сақтауға міндетті:
 - 5.3.1 Шәкіртақы жеңімпазы шәкіртақыны қандай мақсатта жұмсағандығы жөнінде қорға есеп беруге;
 - 5.3.2 Қордың талабы бойынша оның қызметіне және бағдарламаларына жәрдем көрсетуге.

6. ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- 6.1 Барлық туындаған дауларды байқау ұйымдастырушысы мен комиссия Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес шешеді.
- 6.2 Ұйымдастырушылардың мүмкіндіктеріне сай келмейтін, форс-мажор және т.б. себептерге байланысты жағдайлар орын алған кезеңде байқау ұйымдастырушысы осы Ережеге өзгерістер енгізуге құқылы.
- 6.3 Байқау ұйымдастырушылары:
«Dauletten» қайырымдылық қоры» жеке қоры
Мекенжайы: Астана қаласы, Сығанақ 54 а, БЦ «А», 7 қабат, 704 кеңсе
Сұрақтар бойынша: Дина Аманова 8 707 765 62 65
Эл.пошта: Dauletten_qory@mail.ru

САУАЛНАМА

1. Толық аты-жөні:
2. Байланыс нөмірі:
3. Туған күні, айы, жылы:
4. ЖСН (ИИН):
5. Жеке куәлікті тіркеу (pdf):
6. Стипендияға қатысуға өтінімді тіркеу (өтінім үлгісін жүктеңіз, қолмен толтырыңыз, өтінімді сканерлеп тіркеңіз) (pdf):
7. Облыс:
8. Тұрғылықты жері (кент, ауыл, қала):
9. Оқу орны (университет/колледж атауы толық жазылуы тиіс):
10. Курсы:
11. Мамандығы:
12. Студенттік жатақханада тұрасыз ба? (иә, жоқ)
13. Оқу бөлімі (мемлекеттік грант, өзге грант, ақылы):
14. Оқу орнынан анықтама (pdf):
15. Оқу үлгерімі (орташа балы):
16. Оқу үлгерімін растайтын құжат (мөрмен расталуы тиіс) (pdf):
17. Әлеуметтік жағдайы (жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған / толық емес отбасы / ата-анасының екеуінде де немесе біреуінде мүгедектік бар / көпбалалы отбасы (4 немесе одан көп) / мүмкіндігі шектеулі студент/ аз қамтылған отбасы):
18. Әлеуметтік жағдайын растайтын құжаттарды тіркеу:
 - жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған: *ата-анасының қайтыс болғандығы туралы анықтама, әкім өкімі, қамқоршылықты тағайындау туралы анықтама және т.б.*
 - толық емес отбасы: *ажырасқандығы немесе қайтыс болғандығы туралы анықтама, неке куәлігі*
 - ата-анасының екеуінде де немесе біреуінде мүгедектік бар: *мүгедектігі туралы анықтама, неке куәлігі*

- көпбалалы отбасы (4 немесе одан көп): *балалардың туу туралы куәлігі, неке куәлігі*
- мүмкіндігі шектеулі студент: *мүгедектігі туралы анықтама*

Ескерту: қосымша растайтын құжаттарды тіркеуге болады.

19. Жетістіктерін тіркеу (*1 курстар үшін 11 сыныптағы жетістіктерін тіркеуіне болады*) (pdf):

20. «Мен не үшін бұл шәкіртақыға лайықтымын?» тақырыбында мотивациялық хат (*250-400 сөз, Times New Roman, кегл – 12*) (pdf):

21. Электронды пошта:

Жеке деректерді қолдануға және өңдеуге келісім беремін.

Сұрақтар бойынша – Дина Аманова 8 707 765 62 65

**«Dauletten» қайырымдылық қоры» ЖҚ
Президенті Ж.Б.Қуандыққа**

Менің өтініш жазу себебім, «Dauletten» қайырымдылық қоры» ЖҚ ұйымдастырып жатқан «Білімнің жұлдызы» шәкіртақы байқауына құжаттарымды жолдаймын және берілген ақпараттың дұрыстығына кепілдік беремін.

Күні _____
Қолы _____